

Егемен Қазақстан

13 жас оғылан



«Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел», деп ұлы Абай айтқандай, көлдей толқып, желдей зулап, судырлап, бұлдырлап замандар өтсе де, шынға біткен шынардай күн келбетті жақсының тұлғасы ірілене бермек, жарығы-жақсылығы өрістеп, өркендемек. Бір сәт тарихқа ой жүгіртсек, «Лениншіл жас» газетінің 1935 жылғы 14 қаңтар күнгі №12 санында жарияланған білімпаз Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың «Он үш жас күш» дейтін мақаласында: «Қазақстанның мемлекеттік педагогика институтын бітіріп шығып отырған осы 13 кісі сондайлық қымбат адамдар екені даусыз. Бұлар осындай бақытты кезеңде, абыройлы кезеңге тап болған жастар. Тіл-әдебиет жұмысының жоғары дәрежелі маманы болған 13 адам

сан жағынан біздің қазіргі тілегімізге сәйкес, әрине, аз, бірақ сол аз болуымен қатар, үлкен олжа, төңкерістен бұрын тіл-әдебиет жөнінен мамандығы бар 13 емес, бір де бір адамымыз болмайтын. Төңкерістен кейін де, тіпті, кешеге шейін – 1932 жылға шейін – бізде бұл жұмыстың басында жоғары дәрежелі білімі бар адам болып көрген емес. Кітап жазатын да, оқытатын да, жоғары мектептерімізде сабақ беретін де, емге әдебиет-тіл мәселелерінде сарапшы-эксперт болатын да – бәрі де семинарияда оқыған, орташа мағлұматтылар ғана болатын», дейді. Содан соң ойын төмендегідей жалғастырады.

«Соның ішінде өткен жылы өлкелік партия комитетінің атынан ҚазПИ-дің алдына күрделі міндеттер де қойылған. Бұл жағдайда жақсы маман жетістірудің қиын болуы да рас. Оқудың сапасы ойдағыдай болмаған кездері де болуы, әлде де жоқ емес. Бірақ сол қиын жағдайдың ішінде жүріп-ақ, сол қиындықпен күресе отырып-ақ, мына 13 маманды Қазақстанның кеңес жұртшылығына бүгін табыс етіп отырмыз.

Жойылмайтын кемшілік болмайды. Бұлардың ішінде оқудағы кемшілікті іс үстінде жоя жүргендері де, әлі де жоя алатындары да бар. Бұл 13-тің тең жартысы тек оқып қана жүргендер емес, тіл-әдебиет құрылысына белсене қатысып, жарысқа түсіп жүргендер, газет-журнал беттерінде қаламының ізін көрсетіп жүргендер. Ысмайылұлы Есмағамбет, Алтынбекқызы Мырзай, Ғабдоллаұлы Мәлік, Байшымырұлы, Дайрабайұлы, Мейірбекұлы сияқтыларды біздің мәдени жұртшылығымыз біліп те қалған болатын. Бұлардың әдебиет сыны жөнінде мақалалары, өлеңдері, әңгімелері бар, баспадан шықты. Бұлар мұндай еңбекті бұдан былай одан да гөрі өндіреп деп сенеміз.

Бүгін Қазақстан жұртшылығына 13 маманды тапсыра отырып, олар алған білімдерін іске асыра алар, көптің күткеніндей жеміс берер, социалистік ұлт мәдениетін құру жұмысында бұлар үмітті ақтап, шын қайраткер болар деп сенеміз».

Қ.Жұбанов осылай деп ағынан ақтарылып, үміт отын маздатқан.

Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, оқымысты, әскери-мемуарист Мәлік Ғабдулиннің курстасы, Абай атындағы Қазақ педагогика институтында 1931-1935 жылдарда бірге оқыған Мырзай Алтынбекова (1915-2013) өз естелігінде: «1932 жылы қазақ тілінің білгір маманы Құдайберген Жұбанов бізге келіп, лекция оқи бастады. Сырттай естіп, көруге құштар болып жүрген ұстаздың сырт келбетіне қарап отырудың өзі бір ғанибет еді. Оның үстіне ізетшілдігі, сөз мәнері, өзін асқақтатпай төмен ұстай білуі – оның ішкі дүниесінің де тазалығын аңғартып тұратын. Тұңғыш профессордың қазіргі қазақ тілінің жай-күйінен дәріс оқыған әр сәті біздерді таңғалдырғаны сонша, бәріміз демімізді ішімізге тартып, қыбыр етпей тыңдап қалыппыз. Тіпті, қоңыраудың соғылғанын да байқамағанбыз ғой. Сонда бәрімізден батыл Мәліктің: «Ағай, біз демалысқа шықпаймыз, тоқтамай сөйлей беріңізші», дегені бар. Әрине, бұл өтініш қабылданды. Ұстаз әңгімесін тұтас айтып шықты.

Біз Жұбановтың маңына көбірек үйіріліп, оның ғылым, білім жайындағы әңгімесін көп тыңдадық. Біздің әрқайсымыздың мінез-құлық, білімге деген ынта-ықыласымызды түгел аңғара білген ұстазымыз 1935 жылы институтты бітіргенімізде «13 жас күш» деген мақаласын жазған-ды.

Ол уақытта ҚазПИ-де арнаулы жатақхана жоқ. Бізге төбесінің кресін жұлып алып тастаған ескі шіркеуден орын берді, бәріміз оқуды бітіргенше сонда тұрдық. Асхана, тамақ жағы да нашар. Күніне 400 грамм кара нан, айына 4 сом стипендия аламыз. Осы қиындықтың бәріне қарамастан біз институтта оқып, білім алып жүргенімізге мәз, соншама риза, бақытты едік. Онымызға жебеуші болған қазақ халқының маңдайына біткен әдебиет, мәдениет саңлақтары – Сәкен Сейфуллин, Молдағали Жолдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шарафий Әлжанов, Санжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов сынды топжарғандардың дәрісін оқып, алдымызда жүргені ме, әлде... Ал студенттер арасындағы шаралардың ұйымдастырушысы жас та болса Мәлік еді. Сабақтан қалу, не кешігу дегенді білмедік және институттың түрлі қоғамдық жұмысына да белсене араласамыз. Мәлік екеуіміз қабырға газетін шығарамыз. Ол жетпесе, жастығымызға, әлімізге қарамай, орталық газет-журналдарға араласуға ұмтыламыз. «Лениншіл жас», «Пионер» газеттеріне өлең, әңгіме жазамыз. Олар кейде жарыққа да шығып тұрады.

Мәлік өзінің соншама кішіпейіл, ақжарқын мінезімен курсқа ғана емес, бүкіл институттың сүйіктісіне айналып кетті. Оны «Мәлік» деп шақырғандар болса, әрдайым: «Әу, жаным!» деп жауап беретін», – дейді.

Осы нөмірде ҚазПИ-дің директоры Сақайұлы (Сақаев) өз мақаласында «ұлт кадрларын дайындау» жолында «күшті жігермен қызмет істер деген зор сеніммен» Ғабдоллаұлы Мәлікті, Ысмайылұлы Есмағамбетті, Дайрабайұлы Орданы, Алтынбекқызы Мырзайды, Мейірбекұлы Қаныбекті, Байшымырұлы Оразды ерекше атап көрсетеді. Ал Мәлік Ғабдоллаұлы «Ұлы міндет – алдымызда» дейтін пікірінде: «Мен ҚазПИ-ді он тоғыз жасымда бітіріп отырмын. ҚазПИ-дің қабырғасында жүргелі үш жарым жылдай уақыт болыпты. Төрт рет бәйге алдым. ҚазПИ-дің маған берген жемісін – еңбекшілер көпшілігіне беру, міне, міндет осы! Мен бұл міндетті ақтаймын» деп жазыпты.

Есмағамбет Ысмайыловтың: «Бүгін бозторғайдай шырқап қанат қақтым... Шырқап көтеріліп, қалықтап көк жүзінде жас қанатымды сермеймін» дегенінде қайтпас қайсарлық, мұқалмас жігер, бұрқыраған қуат, ізгі мұрат бар.

Сол бір жылдарда, яғни 1930-1937 жылдарда ҚазПИ-де әдебиет, мәдениет, ғылым тарихында жарқын із қалдырған көсемдер тобы ұстаздық еткен екен. Ақыл-ойдың ордасы, таза, шынайы кісілікті, білікті зиялылар ортасы десеңізші! Олар мына бір тарихи суреттегі (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, қор 1864) Санжар Аспандияров, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Телжан Шонанұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Сәрсен Аманжоловтар. Бұлар Ұлт, Жер, Тіл, Ұрпақ тағдыры, Рух жасампаздығы үшін бір мақсатта, бір тілекте жұмыла жан аямай қызмет істеген ардақтылар, білгірлер мен дүлдүлдер еді.

Осынау ұлы тұлғалардың бейнесі шоғырланған тарихи суреттің жоғарғы жағында ҚазПИ-дің директоры Шәмил Сақаев (ұлты я татар, я башқұрт), директордың орынбасары Дүйменов және доцент Митрофан Семенович Сильченко (1898-1970). Ол 1917 жылы Воронеж діни семинариясын, 1924 жылы Воронеж мемлекеттік университетінің педагогика факультетін тәмамдаған. 1931 жылдан бастап ҚазПИ-де дәріс берген. Мәлік Ғабдуллиннің көрсетуінше, академик М.С.Сильченко лекция оқу барысында қазақ

студенттерін орыс тіліне де жан-тәнін салып, әрбір ойының, әрбір сөйлемінің бөлшегін, мағынасы мен мәнісін терең, жетік түсіндірген майталман ұстаз еді дейді.

Қазақ білімпаздары С.Асфендияров, Т.Шонанұлы, М.Жолдыбайұлы, С.Сейфуллин М.Сильченкоға қазақ тілін үйретіп, көкейіне құйған, ұлт фольклоры мен әдебиетінің мәселелерін зерттеуіне мүмкіндік тудырған. Мұнан соң әмбебап оқымысты, өзі дәрігер, өзі тарихшы, өзі педагог, ғылымның ірі ұйымдастырушысы Асфендияров Санжар Жафарұлы (1889-1938). Ол Петерборда 1912 жылы әскери-медициналық академиясын тәмамдаған. Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры, Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тарихы бойынша профессор, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің хатшысы, 1928-1933 жылдарда ҚазПИ мен Алматы мемлекеттік медицина институтының директоры, ҚазАССР Денсаулық сақтау Халық комиссары, КСРО ҒА Қазақ филиалы төрағасының орынбасары. Ұлттың ұлы тұлғасы, кемел қайраткер С.Асфендияров ұлттық ғылыми кадрларды жақсарту, қазақтың ұлттық мәдениетін дамыту, ғылыми тілді қалыптастыру, халық шығармашылығын қастерлеу (жинау, жариялау, зерделеу), сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметкерлері мен қазақ зиялыларының жаңа легі арасындағы табиғи байланыс орнату – ғылыми басты ұстанымы болған. Бұл сол жылдардағы қазақ студенттерінің рухани кемелділікке жетуіне, шұғыл есеюіне жойқын әсер еткен. ҚазПИ-дің директоры С.Асфендияров 1929 жылы жаратылыстану-химия факультетінің 1-ші курсына қабылданған Қажым Жұмалиевті белгілі бір жазушының қалауымен тіл-әдебиет факультетіне ауыстырғанда шын мәніндегі әдебиет тарихын жасаушыларды тәрбиелеу біздің басты нысанамыз деп қадап айтқан екен.

Әрі қарай төменгі қатарда солдан оңға қарай сипаттасақ, алдымен профессор (1934), көрнекті педагог әрі психолог, 1932-1937 жылдардағы педагогика кафедрасының меңгерушісі және педагогика факультетінің деканы Шәрәпи Әлжанов (1901-1937). Дарынды, дарабоз Ш.Әлжанов 1918 жылы Шортандының бастауыш училищесін аяқтаған, 1920 жылдан бастап қызыл әскер қатарында болып соғысқа қатынасқан, Қазақ полкінің әскери комиссары, мұнан соң уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары, уездік милицияның бастығы, 1925 жылы Мәскеудегі әскери-педагогикалық курста оқыған. 1932 жылы Ұлттар ағарту институтының педагогика мамандығы бойынша аспирантурасын аяқтаған. Орыс, қазақ тілдерінде жүйрік сөйлеген. Қайраткер Әди Шәріповтің өзінің ұстазы Ш.Әлжановтың ұстаздығы, шешендігі, рухани тазалығы жөнінде естелігі бар. Профессор Шәрәпи Әлжанов «Абайдың педагогикалық туралы көзқарасы», «Ұлт мектептері қазіргі кезеңде», «Ес және есте қалдыру мәселелері», «Ой мәселелері», «Халық ағарту қызметкерінің білімін көтеру жайында басты материалдардың жинағы» дейтін еңбектер қалдырған.

Сәрсен Аманжолов (1903-1958) – 1930 жылы Орта Азия мемлекеттік университетін тәмамдаған. 1931-1958 жылдарда ҚазПИ-де оқытушы, доцент, профессор, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 1934-1936 жылдарда Қазақтың Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының ғалым хатшысы, директоры. 1937-1942 жылдарда СССР ҒА Қазақ филиалының тіл және әдебиет секторының меңгерушісі, 1946-1958 жылдарда Қазақ ССР ҒА Тіл және әдебиет институтында академиялық сөздік пен терминология бөлімінің меңгерушісі. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов Құдайберген Жұбановты «ірі оқымысты» деп әділ сипаттап, ойын былайша өрістетеді: «Өздігінен оқып, ғылым-білімнің әр саласынан да әжептәуір хабардар болған Құдайберген сонау ерте уақыттардың өзінде, 20-жылдар ішінде математиканы, физиканы, логиканы, психологияны, рефлексологияны тесіле зерттеді.

Сол жылдарда Құдайберген жапон тілін зерттеді. Оның себебін сұрағанда ол былай деп жауап беретін: «Қазақтың тілі, тарихы жөнінде қытай тілінде көптеген деректер бар. Оларды оқу үшін қытай тілін зерттеу керек. Ол өте қиын, көп уақытты керек етеді. Ал жапон тілі болса, о да оңай емес, бірақ қытай тіліне қарағанда, ол едәуір жеңілдетілген және жапондықтар қытай тіліндегі ғылыми еңбектердің бірқатарын өз тіліне аударып алған. Мен сол тіл арқылы қытайдың қазақ туралы жазылған деректерін оқимын ба деймін». Шынында да ол бұл жұмыста біраз табысқа жеткен. Ал батыс тілдерінен: неміс, француз, ағылшын тілін сөздікпен пайдаланатын. Маған неміс білімпаздары Кизеветтер мен Раманның шығыс музыкасы туралы жазған кітаптарынан мақалалар аударып беретін. Әл-Фарабидің, Қашғаридің, Мұрағидің, Халелдің еңбектеріндегі музыка туралы айтқандарын маған үнемі түсіндіріп, соларды пайдалану керектігін айтатын.

Құдайберген осындай өзінің кең дүние тану, терең ғылымдық мағлұматы арқасында азғана уақыт ішінде көптеген еңбектер жазды. 1932 жылы Алматы қаласына қайта келгеннен кейін, ол педагогикалық институтта тілден профессор әрі СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалында ғылыми қызметкер болып істеді».

Осылайша, толғаған алғыр, зейінді, еске сақтау, оқу-тоқу, ойлау қабілеті керемет сұңғыла Әуезовтің өзі «Библияны» грекше сайратып, дереу орысшаға аударған және түркі тілдерін жетік білген-ау! Бұған араб-парсы тілдерін қосыңыз! Неткен өрелілік! Неткен білімпаздық! Неткен күштарлық!

Сәкен Сейфуллин (1894-1938) – мемлекет қайраткері, акын, әдебиет тарихшысы, мемуарист, көсемсөзші, қазақ әдебиетінің классигі. Қазақ АССР Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы Қазақстан Жазушылар одағы басшыларының бірі, «Еңбекші қазақ» газеті мен «Әдебиет майданы» журналының редакторы.

Молдағали Жолдыбаев (1887-1937) – ағартушы, педагог-әдіскер. 1919 жылы Жымпиты уезі ревкомының төрағасы, 1920-1922 жылдарда Орал губерниясы атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1922-1924 жылдарда Қазақ АССР Оқу Комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалының қызметкері. Телжан Шонанұлы (1894-1937) Ырғыз уезі Аманкөл болысында туған. 1912-1916 жылдарда Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыған. Ұстаздық, шығармашылық іспен шұғылданған. 1929 жылдарда Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатында қызмет еткен. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы басқарған Оқулықтар жазу комиссиясында болған. ҚазПИ мен Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқыған. «Қазақ тілінің оқу құралы» (1926, 1933), «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ жер мәселесінің тарихы» (1926) дейтін айтулы еңбектер жазған. Замана тудырған тұлғалар тәрізді Шығыс тілдерін және неміс тілін білген. Энциклопедиялық эрудициясы орасан, ойы қуаты білімдар ғылыми-әдістемелік сектор меңгерушісі Телжан Шонанұлы 1935 жылы ҚазПИ-ді бітірушілерді білім-ғылым нәрімен

сусындатқан. Ұлтын сүйген парасат иесінің «ел қазақ, тіл қазақтікі, сондықтан мектепте оқу тілі қазақ тілі де болу керек» деген өміршең қағидасы бар.

Телжан Шонанұлынан кейін қазақ әдебиетінің классигі, даңқты «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы, көрнекті оқымысты-педагог Мұхтар Әуезов жайғасқан. Мұнан соң, 1931-1935 жылдарда Әдебиет кафедрасының меңгерушісі, профессор М.П.Баталов (1901-1935). Ол 1934 жылы жарияланған «Қазақ фольклоры мен әдебиеті жөніндегі очерктер» кітабының (М.С.Сильченкомен бірігіп) авторы. С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» деген поэмасын орысша сөйлеткен. Ол 1920-1922 жылдарда Орынбор губкомында, 1922-1925 жылдарда Қазақ Халық ағарту комиссариаты мен газет редакциясында, сондай-ақ 1924-1930 жылдарда Қазақ өлкелік медицина техникумының директоры болған.

Түйіп айтқанда, ҚазПИ-дің іргетасын қалаған Алаш елінің әйгілі ұстаздарына және олардың дәрісін, тәрбиесін, ұлылығын болмысына дарытқан, шапағатын көрген айтулы шәкірттеріне мың да бір тағзым!

Серік НЕГИМОВ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. АСТАНА.